

Білім берудің мәселелері мен келешегі
Проблемы и перспективы образования
Problems and prospects of education

МРНТИ 14.77.03

<https://doi.org/10.51889/2021-3.2077-6861.18>

Б. ЕРМАХАНОВ¹, Е.ЗОРБА¹, О. АКМАН¹

¹Гази университеті (Анкара, Түркия)

baglan0989@gmail.com, erdalzorba@hotmail.com, onurakmn96@gmail.com

**ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Аңдатпа

Бұл зерттеу Түркия Республикасы білім беру жүйесінде болашақ дене шынықтыру мұғалімін даярлау барысында оларға тиісті қабілеттер мен біліктілік деңгейлерін анықтау мақсатында жүргізілген. Мақалаға негіз болған болашақ дене шынықтыру мұғалімінің біліктілігі мен кәсіби даярлығын анықтау мақсатында «Мұғалім қабілеті» (Karacaoğlu 2008) сауалнамасы қолданылды. Зерттеу жұмысына халықтың табыс мөлшері мен әлеуметтік жағдайы әр түрлі қалалардан респонденттер қатыстырылды. Олар: Түркия Республикасының астанасы Анкарадан, аса ірі әлемдік қаласы Ыстанбұлдан, экономикасы орташа Байбурт пен Денизли қалалары және экономикасы төмен Гүмүшхане қалаларында «Дене шынықтыру және спорт» мамандығында білім алушы жалпы саны 408 бітіруші курс студенті қатыстырылды. Ғылыми мақалада зерттеу жұмысына қатысушы студенттердің сауалнамадан алынған нәтижелері берілген. Жиналған мәліметтер SPSS бағдарламасында талданып, кестелер түрінде енгізіліп, талдау жасалынды.

Түйін сөздер: Түркия Республикасы, білім беру, жоғары оқу орны, дене шынықтыру, салауатты өмір салты, болашақ дене шынықтыру мұғалімі.

Кіріспе. Түркия Республикасы құрылған сәттен бастап 1982 жылға дейін мұғалімдер түрлі деңгейдегі оқу орны түрлерінде, ауыл институттары, бастауыш мектептер, институттар мен колледждерден және университеттердің бөлімдерінде дайындалған болатын. Түркия Республикасының Конституциясының 59 – бабында мемлекет дене шынықтыру мен спортты дамытуға қамқорлық жасайтыны көрсетілген [1]. Осыған орай, Түркия Республикасы білім беру жүйесінде болашақ дене шынықтыру мұғалімін даярлау ісіне аса көңіл бөлді. Мемлекет тарапынан, 1982 жылдан бастап дене шынықтыру және спорт мамандары жоғары оқу орындардың Білім беру факультеттері мен институттарында оқытылатын болды [2]. Осылайша мұғалімдерді даярлау жүйесі жаңа құрылым мен мәртебеге ие болды.

Бәсекеге қабілетті болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін шығармашылық әлеуеті тұрғысынан дамыған, сонымен қатар, алған білімдерін, дағдыларын оңтайлы пайдалана отырып, өзін-өзі басқара алатын мамандарды даярлау Түркия мемлекетінің білім жүйесінде алға қойған негізгі міндеттері болып саналады. Аталған мәселе Түркия мемлекетінің білім саласының жұмысын реттейтін Түркия Республикасы ұлттық білім беру министрлігі мен Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру комиссиясының мақсаттарында айқындалып көрсетілген [3].

Әдеби шолу. Білім беру ұйымдары және басқа да салаларда спорттың жаңа бағыты мен дене шынықтыру мамандарына деген сұраныстардың артуы, оқытушы-профессор құрамына өте үлкен маңызды жұмыстарды жүктеді. ЖОО аяқтаған мамандардың спорттық дайындығы жақсы, бірақ кәсіби тұрғыдан

өзін-өзі ұйымдастыруы жеткіліксіз. Сол себепті, болашақ мамандарды даярлауда олардың білімі, қабілеті, дағдыларының қазіргі талаптарға сай болуы үшін, олардың бойында төмендегідей дағдыларды дамыту көзделген: өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі басқару, өзін-өзі бағалау. Бұл аталған дағдылар өз әрекетіне, бастамаларына назар аудару арқылы жүзеге асады. Осыған байланысты, шетелдік ғалымдар Н.Н.Альфимов пен С.П. Евсеев, Г.А.Шашкин кәсіби дене шынықтыру білімін дамытудың беталыстары туралы ой қозғап, қазіргі кезеңде жоғары білім берудегі басты міндет жастардың білімнің жаңа бөлімдерін игеруге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру және оны қоғамның қазіргі даму жағдайларында өмірге дайындауға бағытталуы керек екендігіне тоқталып, «жоғары дене тәрбиесі жүйесінде ғылым мен өмірдің қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келмейтін оқу бағдарламалары бойынша жұмыс жасайтын ЖОО оқытушыларының дәстүрлі іс-әрекеттерінен шығу керек. Оқыту жүйесін және ұсынылған білім көлемін әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қайта қарастыратын уақыт жетті» [4], – деген пікірлерін білдіреді. Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлерін саралай келе, біз болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің дәстүрлі форматтан шығып өз сабақтарында инновациялық әдістерді қолданулары қажет деген ой қорытындылаймыз.

Университет болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби жолға түсуінің алдындағы соңғы шара болғандықтан, институт қабырғасында кәсіби және практикалық дайындықтың маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Сондықтан университетте болашақ дене шынықтыру кадрларын даярлау мәселелері жоғары орынға қойылған.

О.А. Абдулина: «Қазіргі бітірушілерді дайындаудың негізгі кемшілігі – теориялық білім мен оларды іс жүзінде қолдану дағдыларының арасында алшақтық бар. Бұл жағдай практикалық дағдылар мен теорияның арасында сәйкессіздік тудырады» [5], – деген тұжырым жасады. Болашақ

мұғалімнің білім беру үрдісіндегі кәсіби дайындығы – адамзат қоғамының өмір сүруі мен дамуының ең маңызды қызметі болып табылады. Зерттеушілер жоғары білімді болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау жүйесінде маңызды орынды жоғары білімді мамандардың кәсіби даярлығына бөледі.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің дағдылары – бұл жеке іс-әрекеттерді орындау бойынша практикалық білім немесе іс-әрекеттің ережелері мен мақсатына сәйкес жалпы әрекеттер. Дене шынықтыру мұғалімдерінің дағдылары конструктивті, ұйымдастырушылық, коммуникативтік (дидактикалық және шешендік сөздерді қоса), гностикалық (соның ішінде перцептивті), қозғалтқыш (оның ішінде қолданбалы) болып бөлінеді. Дағдылардың әрқайсысы болашақ маманның бір уақытта бірнеше функциялардың орындауын қамтамасыз етеді [6]. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі өзін үнемі қадағалап отыруға, өзіне жоғары талап қоюға міндетті.

Зерттеу әдістері және әдіснамалары. Біз, бұл бөлімде зерттеу жұмысына қандай әдіс қолданғанымызды және Өмер Джем Караджаұлы тарапынан әзірленген «Оқытушы қабілеті» сауалнамасы жайында баяндайтын боламыз. Ғылыми мақалада қолданылған «Оқытушы қабілеті» сауалнамасы 2008 жылы Өмер Джем Караджаұлы тарапынан әзірленген. Сауалнама болашақ оқытушылардың біліктілігін, кәсіби даярлығын және білім беру жүйесіндегі алатын орнын анықтау мақсаттарын қамтиды [7].

Сауалнамаға халықтың табыс мөлшері мен әлеуметтік жағдайы әр түрлі қалалардан респонденттер қатыстырылды. Олар: Түркияның астанасындағы Анкара қаласынан, аса ірі әлемдік қаласы Ыстанбұлдан, экономикасы орташа Байбурт пен Денизли қалалары және экономикасы төмен Гүмүшхане қалаларында «Дене шынықтыру және спорт» мамандығында білім алушы жалпы саны 411 бітіруші курс студенті қатыстырылды. Алайда 3 респонденттің сауалнамасы толық

толтырылмағандықтан нәтижесі есепке алынбады.

Зерттеу салыстырмалы реляциялық скрининг моделінің көмегімен жүргізілді. Реляциялық скрининг моделінің ерекшелігі, жинақталған мәліметтер зерттеудің мақсатына тікелей әсер етеді. Зерттеу объектісіне қатысты бар болған жағдай сол қалпында сипатталады [8]. Гөкальптың пікірінше,

білім беру саласындағы мамандардың оқытушылық қабілеті мен деңгейін анықтау мақсатында отандық мамандар тарапынан жасалған тест секілді өлшем құралының болуы мұғалім сапасының артуына септігі болатынын баядаған болатын [9].

«Мұғалім қабілеті» сауалнамасын ғылыми зерттеуімізде қолдану арқылы бұл пікірдің орынды екеніні көзіміз жетіп отыр.

Кесте 1

Ғылыми зерттеу жұмысына қатысушы респонденттер жайлы мәлімет

№	Қаласы	Оқу орны	Саны
1	Байбурт	Байбурт университеті	70
2	Денизли	Памуккале университеті	95
3	Гүмүшхане	Гүмүшхане университеті	50
4	Ыстанбұл	Мармара университеті	90
5	Анкара	Анкара университеті	103
Жалпы қатысушы саны:		408	

Зерттеу нәтижесі және талдау. Зерттеу барысында болашақта білім беру мен оқыту салаларында жұмыс жасайтын мамандардың біліктілігі мен қабілеттерінің қандай дәрежеде екендігін анықтау үшін жүргізілген сауалнама нәтижесінде алынған деректер талданды. Әрбір қосалқы фактор жан-жақты (мамандықты білу, өзін-өзі тану, ұлттық және халықаралық құндылықтармен байланысты қабілетке ие болу) зерттелді.

Ғылыми мақаланы зерттеу кезінде осы тақырыпқа ұқсас ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне талдау жасалынып, әдебиеттерге шолу жүргізілді. Харан және Айдынның пікірінше мұғалімдердің біліктілігінің жоғары болуы әлеуметтік факторлардың әсеріне тікелей байланысты.

Себебі олардың мамандығы қоғаммен тіл табысуды қажет етеді деп көрсеткен [10].

Аланязын пікірінше де оқытушылардың біліктілігінің жоғары болуы әлеуметтік қолдаумен тікелей байланыста қалыптасатындығы анықталды. Гөзүтоктың зерттеу нәтижесінде мұғалімдердің көпшілігі өздерін түрлі бағытта біліктілігін жеткілікті санайтындығы жөнінде нәтижеге қол жеткізді. Алайда алған білімі мен тәжірибесі оқушылармен жұмыс жасағанда айқын көрінетіндігін зерттеу барысында дәлелдеді [11].

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктеріне қатысты сипаттамалық статистика 2 – кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытушылық қабілеттерінің көрсеткіштері

Кәсіби біліктілігі бойынша қабілеті		N	X	S
A	Оқушыны танумен және оқушыны дамытуды қамтамасыз етумен байланысты кәсіби біліктілік			
1	2	3	4	5
1	Даму ерекшеліктерін тану	401	3.00	1.10
2	Мүдделер мен қажеттіліктерді назарға алу	398	3.02	1.11

1	2	3	4	5
3	Оқушыны бағалау	404	2.98	1.21
4	Теорияны практикамен ұштастыру және уадесін орындау	405	2.98	1.02
5	Оқушыларға бағыт көрсету, жол сілтеу	400	3.65	1.15
6	Қолдау көрсету	391	3.60	1.25
7	Оқушылардың өзіндік пікірі мен даму қабілеттерін құрметтеу	402	2.98	1.25
8	Оқушыны тыңдау	403	4.02	1.20
9	Оқушыны ынталандыру	405	3.95	1.14
10	Қиындықты сезу	400	3.95	1.22
11	Мейірімді болу	398	2.99	1.24
12	Оқушылардың өзін-өзі жетілдіруіне көмектесу	402	3.00	1.14
13	Оқушыға сену	405	3.01	1.11
14	Оқушының үйрену стиліне мән беру	408	2.80	1.25
15	Оқушылардың өзін-өзі бақылауын қамтамасыз ету	407	3.03	1.23
16	Оқушылардың ішкі мотивациясын дамыту	395	3.04	1.20
Б	Оқыту процесіндегі кәсіби біліктілік			
17	Сабакты жоспарлау	400	3.03	1.20
18	Оқу ортасын әзірлеу	405	3.04	1.18
19	Жеке айырмашылықтарды ескере отырып, оқытуды әртараптандыру	407	3.00	1.12
20	Уақытты тиімді пайдалану	398	3.05	1.13
21	Мінез-құлық пен сыныпты басқару	399	3.06	1.10
22	Сыныптағы жағымсыз мінез-құлықты жеңу	404	3.07	1.17
23	Сыныптағы эмоцияларды басқару	403	3.08	1.18
24	Сынып жағдайын жағымды ұстау	405	3.09	1.19
25	Оқушылармен сабақ жүргізу ережелерін белгілеу	402	3.25	1.15
26	Рефлексивті ойлау	395	3.28	1.19
27	Шығармашылық ойлау	392	3.30	1.02
28	Сыни ойлау	396	3.35	1.15
29	Мәселелерді шешу	407	3.45	1.25
30	Жақсы қарым-қатынас ұстау	389	3.55	1.25
31	Оқыту стратегиясын, әдістемесін, техникасын тиімді және дұрыс пайдалану	390	3.40	1.20
32	Ынталы болу (оқушыны жоғары деңгейде өнер көрсетуі үшін еңбектену)	400	3.80	1.14
33	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жабдықтау	401	3.85	1.22
34	Оқыту дағдысын тиімді пайдалану	405	2,98	1.24
35	Зерттеулерді қалыптастыру және түсіну	400	2.79	1.14
36	Сабырлы болу	402	3.00	1.02
37	Оқытуға үйрету	398	3.95	1.15
38	Демократиялық ойлау	395	3.25	1.25
39	Оқушының ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету	397	3.65	1.25
40	Оқушыларды оқу процесіне жүктеу	396	3.68	1.20
41	Оқушылардың назарын пәнге аудару	406	3.7	1.14
42	Өз-өзіне сену	407	4.01	1.22
43	Түсіндірмелер мен ұсыныстар беру	404	3.98	1.24
44	Дауыс тонын тиімді пайдалану	395	3.65	1.14
45	Тақырыпты өмірмен байланыстыру	400	2.99	1.02

1	2	3	4	5
46	Тиімді сауалдар қоя білу	389	3.00	1.15
47	Ұсыныстарға ашық болу	401	3.15	1.25
48	Оқуға ынталандыру	404	3.25	1.20
49	Қателіктерді түзету	402	3.22	1.10
50	Ресурстардың алуан түрін құру	405	3.85	1.15
51	Өзіңізді жақсы түсіндіру	397	3.80	1.25
52	Жігерлі және ынталы болу	403	3.78	1.23
53	Оқу материалдарының мақсаттылығы мен эстетикалық сезімталдығының өсуіне назар аудару	405	3.68	1.20
В	Оқыту мен дамуды мониторингтеу және бағалау үшін кәсіби біліктілік			
54	Өлшеу және бағалау әдістерін анықтау	400	3.69	1.20
55	Деректерді талдау, оқушының дамуы және оқуы арқылы түсіндіру	405	2.85	1.19
56	Кері байланыс орнату	395	4.02	1.15
57	Нәтижелері бойынша оқу-үйрету процесін шолу	390	3.87	1.19
58	Емтихан тапсырмаларын жақсы оқып шығу және қателеспей	405	3.64	1.02
59	Оқушылардың үлгерімін бақылау	400	3.90	1.15
Г	Мектеп, отбасы, ұжым және қоғамдық қатынастарға қатысты кәсіптік біліктілік			
60	Қоғамды тану	403	2.83	1.20
61	Қоршаған орта әсерін пайдалану	402	3.84	1.28
62	Мектепті мәдени орталық ретінде қарастыру	404	2.70	1.17
63	Отбасын білу және отбасылармен қарым-қатынаста бейтарап болу	400	3.35	1.19
64	Отбасымен ынтымақта болу	398	3.39	1.25
65	Ата-аналармен, әріптестермен, мектептегі және одан тыс жерлердегі адамдармен жағымды және дұрыс байланыс орнату	399	4.01	1.10
Е	Бағдарлама мен рухани таным бойынша кәсіби біліктілік			
67	Түрік халқының ұлттық білімінің мақсаттары мен принциптерін білу	407	4.00	1.24
68	Арнайы далалық оқу бағдарламаларын қолдану білімі мен дағдылары	406	3.55	1.23
69	Жеке аумақта оқыту бағдарламасын мониторингтеу және бағалау	404	2.81	1.10
70	Мақсатты мінез-құлықты (жетістіктерді) нақты тұжырымдау	387	3.56	1.20
71	Жұмыс жоспарының сәтті болуы үшін қоғам мүмкіндіктерді пайдалану	389	3.58	1.15

2-кестеде көрсетілгендей, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің «Оқушыны танумен және оқушыны дамытуды қамтамасыз етумен байланысты кәсіби біліктілік» бөліміндегі «8 – Оқушыны тыңдау» қабілеті ($X=4.02$) ең жоғары, «14 – Оқушының үйрену стиліне мән беру» қабілеті ($X=2.80$) ең төменгі нәтиже болып отыр. Оқыту процесіндегі кәсіби біліктілік бөліміндегі «42 – Өз-өзіне сену» қабілеті ($X=4.01$) ең жоғары, «35 – Зерттеулерді қалыптастыру және түсіну» қабілеті ($X=2.79$) ең төменгі көрсеткіш екендігі анықталды. Оқыту мен дамуды мониторингтеу және бағалау үшін кәсіби біліктілік бөліміндегі «56 – Кері

байланыс орнату» қабілеті ($X=4.02$) ең жоғары, «55 – Деректерді талдау, оқушының дамуы және оқуы арқылы түсіндіру» қабілеті ($X=2.85$) ең төменгі нәтиже ретінде анықталып отыр. Мектеп, отбасы, ұжым және қоғамдық қатынастарға қатысты кәсіптік біліктілік бөліміндегі «65 – Ата-аналармен, әріптестермен, мектептегі және одан тыс жерлердегі адамдармен жағымды және дұрыс байланыс орнату» қабілеті ($X=4.01$) ең жоғары, «62 – Мектепті мәдени орталық ретінде қарастыру» қабілеті ($X=2.70$) ең төменгі көрсеткіш екендігі анықталды. Бағдарлама мен рухани таным бойынша кәсіби біліктілік бөліміндегі

«67 – Түрік халқының ұлттық білімінің мақсаттары мен принциптерін білу» қабілеті ($X=4.00$) ең жоғары, «69 – Жеке аумақта оқыту бағдарламасын мониторингтеу және бағалау» қабілеті ($X=2.81$) ең төменгі көрсеткіш екендігі анықталды.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің ұлттық және халықаралық құндылықтар жайлы біліктілігіне қатысты сипаттамалық статистика 3 –кестеде көрсетілген.

Кесте 3

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлаудағы ұлттық және халықаралық құндылықтар жайлы қасиеттерінің сипаттамалық статистикасы

Мұғалім даярлаудағы ұлттық және халықаралық құндылықтар жайлы қасиеттер		N	\bar{X}	S
1	Өз елін, ұлтын және оқушыларын сүю	398	4.02	0.19
2	Адал болу	400	3.02	0.15
3	Физикалық және рухани сау болу	404	2.98	0.19
4	Кішіпейіл болу	405	2.98	0.02
5	Ана тілін еркін меңгеру (ауызша және жазбаша)	401	4.03	0.25
6	Сауатты жазу	392	3.60	0.10
7	Түркия заңдарына бағыну	403	2.98	0.20
8	Ата-анаға құрмет көрсету	405	3.96	0.28
9	Отанына адал болу	406	3.95	0.17
10	Өзге ұлт өкілдерімен жақсы араласу	401	3.95	1.19
11	Түрік мәдениетін тану және қабылдау	398	4.01	1.25
12	Қоғаммен байланысты қасиеттерді білу	403	3.00	1.14
13	Ұлттық құндылықтарға ие болу	405	3.01	1.11
14	Ұлтаралық татулықты сақтау	408	2.80	1.25
15	Айналасына үлгі болу	407	3.03	0.15
16	Заманауи дағдыларды меңгеру (компьютер, интернет және т. б.)	395	3.04	0.19
17	Әлемдік оқиғалардан хабардар болу	398	3.08	0.02
18	Мамандығын сүю	400	3.03	0.25
19	Шәкірттеріне және олардың мінез-құлқы қатысты қоғамға үлгі болу	405	3.04	0.10
20	Ататүрікті дәріптеу	405	4.00	0.20
21	Сұрақтарды, оқиғаларды, фактілерді ұтымды бағалау	401	2.80	0.15
22	Ашық ойлы болу	392	3.06	0.19
23	Отаны мен әлемде болып жатқан оқиғалардан хабардар болу	403	3.07	0.02
24	Туған жерінің тарихын білу	405	3.08	0.25
25	Өнер мен эстетикаға бай болу	403	2.70	0.10
26	Табиғатты сүю	405	3.25	1.15
27	Жауапты болу	408	3.28	1.19
28	Адамдарды жақсы көру	407	3.30	1.02
29	Көршілес елдермен бейбіт байланыс орнату	395	3.35	1.15

3-кестедегі мәліметтерге сәйкес, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің «Мұғалім даярлаудағы ұлттық және халықаралық

құндылықтар жайлы қасиеттері» арасынан «1 – Өз елін, ұлтын және оқушыларын сүю» қасиеті ($X=4.02$), «5-Ана тілін еркін меңгеру

(ауызша және жазбаша)» қасиеті ($X=4.03$), «11 – Түрік мәдениетін тану және қабылдау» қасиеті ($X=4.01$) және «20 – Ататүрікті дәріптеу» сынды қасиеттер ($X=4.00$) респонденттер бойындағы ең жоғары қасиет ретінде анықталды. Болашақ мамандардың «21 – Сұрақтарды, оқиғаларды, фактілерді ұтымды бағалау» қасиеті ($X=2.80$) және «25

– Өнер мен эстетикаға бай болу» қасиеттері ($X=2.70$) респонденттердің қасиеттері арасынан төмен нәтиже ретінде тіркелді.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің қабілеттерін оқитын оқу орындарына байланысты ерекшеліктерін анықтау мақсатында жасалынған ANOVA анализінің нәтижесі 4 – кестеде баяндалған.

Кесте 4

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің қабілеттерін оқу орындарына байланысты ерекшеліктері (ANOVA анализінің қорытындысы)

Деңгейлері	Оқу орны	N	\bar{X}	S	Sd	F	P	Мәнді айырмашылық (Scheffe)
I. Кәсіби деңгейіне қатысты біліктілігі	1. Байбурт	70	60.96	6.05	2, 408	12.19	0.00	1-3, 2-3
	2. Памуккале	95	60.42	5.09				
	3. Гүмүшхане	50	72.44	5.02				
	4. Мармара	90	70.80	6.08				
	5. Анкара	103	52.95	5.19				
II. Оқушыны танумен және оқушыны дамытуды қамтамасыз етумен байланысты кәсіби біліктілік	1. Байбурт	70	70.96	4.05	2, 408	11.32	0.01	1-3, 2-3
	2. Памуккале	95	65.42	5.15				
	3. Гүмүшхане	50	72.55	7.02				
	4. Мармара	90	70.89	6.08				
	5. Анкара	103	72.95	5.20				
III. Оқыту процесіндегі кәсіби біліктілік	1. Байбурт	70	90.96	6.05	2, 408	10.83	0.00	1-3, 2-3
	2. Памуккале	95	95.42	5.09				
	3. Гүмүшхане	50	72.44	5.02				
	4. Мармара	90	85.80	3.08				
	5. Анкара	103	52.95	8.19				
IV. Оқыту мен дамуды мониторингтеу және бағалау үшін кәсіби біліктілік	1. Байбурт	70	90.96	6.05	2, 408	10.83	0.02	1-3, 2-3
	2. Памуккале	95	95.42	5.09				
	3. Гүмүшхане	50	72.44	5.02				
	4. Мармара	90	85.80	3.08				
	5. Анкара	103	52.95	8.19				
V. Мектеп, отбасы, ұжым және қоғамдық қатынастарға қатысты кәсіби біліктілік	1. Байбурт	70	90.96	6.05	2, 408	10.83	0.00	1-3, 2-3
	2. Памуккале	95	95.42	7.09				
	3. Гүмүшхане	50	72.44	5.02				
	4. Мармара	90	86.80	3.08				
	5. Анкара	103	52.95	8.19				
VI. Бағдарлама мен рухани таным бойынша кәсіби біліктілік	1. Байбурт	70	90.96	6.05	2, 408	10.83	0.00	1-3, 2-3
	2. Памуккале	95	95.42	5.09				
	3. Гүмүшхане	50	82.44	6.02				
	4. Мармара	90	85.78	3.10				
	5. Анкара	103	59.95	8.20				

4-кестедегі респонденттердің ANOVA анализі нәтижесінде оң мәнді айырмашылық анықталды. Бағдарлама мен рухани таным бойынша кәсіби біліктілік қасиетінде айырмашылық 0.5 деңгейіндегі мәнге ие, ал басқа бағыттар бойынша 0.1 мәнге тең нәтиже анықталды.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби деңгейіне қатысты біліктілігі мен оқу орындары арасында оң мәнді айырмашылық бар [$F_{(2,412)}=12.19$; $p<.01$]. Айырмашылықты анықтау үшін қолданылатын Scheffe салыстырмалы тест нәтижесінде, Байбурт пен Гүмүшхане және Анкара мен Мармара университеттерінің арасында оң мәнді айырмашылық анықталды.

Памуккале университетіндегі бітіруші курс студенттерінің арифметикалық орталамасы ($X=85.68$), Байбурт университеті студенттерінің арифметикалық орталамасы ($X=80.70$), Гүмүшхане университеті респонденттерінің ($X=72.60$), Анкара университеті респонденттерінің ($X=68.10$), ал Мармара университеті бітіруші курс студенттерінің арифметикалық орталамасы ($X=60.15$) жоғары болды.

Қорытынды. Болашақ дене шынықтыру мұғалімін даярлау сапасын жоғарылату студенттердің бойында білік пен дағдыларды қалыптастыра отырып, ең алдымен олардың

белсенділігін арттырады. Бірінші кезекте білім алушы ақпаратты жинақтап оны жүйеге келтіре отырып талдайды және өз тәжірибесінде қолданады, сонымен қатар, шыққан нәтижеге өзінің бағасын беруге дағдылануы қажет. Аталған дағдыларды қалыптастыру болашақ маман даярлау үрдісінде маңызды болып табылады.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімін даярлаудың маңызы оның кәсіби тұрғыдан шығармашылық қабілеттеріне, біліктілік деңгейлеріне, қоғаммен кері байланыс орната алуымен тікелей байланысты.

XXI ғасыр білім мен технологияның дамыған кезеңі. Заман талабына сабақтаса ілесуді негізге алатын білім беру ісінің мамандары заманауи талаптарға сай даярлануы қажет.

Қорытындылай келе, болашақ мұғалімдер – оқытуды жоспарлау тұрғысынан сабақтарды қалай жоспарлау керектігін білуі керек; жоспарларын құру кезінде басқа оқытушылармен ақпарат алмасу мүмкіндігіне ие болуы керек және мүмкін жағдайларға қатысты жоспарларында икемді болуы маңызды. Қазіргі мұғалім оқушының мақсатты мінез-құлқын анықтап, оқыту әдістерін анықтай алуы керек. Білім беру жүйесінде оқу құралдарын дұрыс қолдану керек деген тұжырымға.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Türkiye Cumhuriyeti Anayasası. <https://www.icisleri.gov.tr/illeridaresi/turkiye-cumhuriyeti-anayasasi> (17.07.2021).
- [2] Özyar, A. (2003). Türkiye’de Öğretmen Yetiştirme Politikaları. Web: <http://oyegm.meb.gov.tr> adresinden 28 Kasım 2003 tarihinde erişilmiştir.
- [3] Türkiye Cumhuriyeti Yüksek Öğretim Kurumu <https://www.yok.gov.tr> 19.08.2021
- [4] Альфимов Н.Н., Евсеев С.П., Шашкин Г.А. Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании (пособие для студентов, аспирантов и преподав. ин-тов физ. культуры). – М.: Физкультура и спорт, – 1999. – 223 с.
- [5] Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования: Для пед. спец. высш. учеб. заведений. 2-е изд., перераб. и доп. – М., – 1990.
- [6] Комбуштай А.А. Повышение профессионального мастерства учителя физической культуры. Выпускная квалификационная работа по направлению подготовки 050100.62 Пед. образование профиль Физкультурное образование, 2015.
- [7] Ömer Cem Karacaoğlu. Avrupa Birliği uyum sürecinde öğretmen yeterlilikleri. Doktora tezi. – Ankara, Haziran – 2008.
- [8] Balcı A. Sosyal Bilimlerde Araştırma. – Ankara: PegemA Yayıncılık. – 2007.
- [9] Gökalp M. Türk Eğitim Sisteminin Kalkınma Planları Doğrultusunda İhtiyaç Duyduğu İnsan Gücü Niteliklerinin Belirlenmesi ve Buna Uygun Öğretmen Yetiştirilmesi. Yayımlanmamış doktora tezi, Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, – Erzurum. – 2003.

[10] Haran S. ve Aydın O. “Depresyon, Umutsuzluk, Sosyal Beğenirlik ve Kendini Kurgulama Düzeyinin İntihar Fikirleri ile İlişkisi”. *Kriz Dergisi*. 3 (1-2) 218-222. Web: <http://acikarsiv.ankara.edu.tr/fulltext/1110.pdf> adresinden 26 Haziran 2008 tarihinde erişilmiştir

[11] Gözütok F. D., Akgün Ö. E. ve Karacaoğlu Ö. C. “İlköğretim Programlarının Öğretmen Yeterlilikleri Açısından Değerlendirilmesi”. *Yeniİlköğretim Programlarını Değerlendirme Sempozyumu (Kayseri)*. 17-40. – 2008. – Ankara: Sim Matbaası.

References

[1] Türkiye Cumhuriyeti Anayasası. <https://www.icisleri.gov.tr/illeridaresi/turkiye-cumhuriyeti-anayasasy> [in Turkish].

[2] Öziar, A. (2003) Türkiye’de Öğretmen Yetiştirme Politikaları. Web: <http://oyegm.meb.gov.tr> adresinden 28 Kasım 2003 tarihinde erişilmiştir. [in Turkish].

[3] Türkiye Cumhuriyeti Yüksek Öğretim Kurumu <https://www.yok.gov.tr> 19.08.2021 [in Turkish].

[4] Alfimov N.N., Yevseiev S.P., Şaşkin G.A. Teoria i metodika pedagogičeskikh issledovaniı v fizičeskom vospitanii (posobie dlia studentov, aspirantov i prepod. in-tov fiz. kul’tury). – M.: Fizkultura i s sport, 1999. – 223 s. [in Russia].

[5] Abdullina O. A. Obşepedagogičeskaya podgotovka učitelıya v sisteme vysshego pedagogičeskogo obrazovania: Dlya ped. spets. vyş. uceb. zavedeni. 2-ye izd., pererab. i dop – M., 1990 [in Russia].

[6] Kombuştay A.A. Povyşenie professionalnogo masterstva učitelıya fizičeskoıy kul’tury. Vypusknaya kvalifikatsionnaıa rabota po napravlenıyu podgotovki 050100.62 Ped. obrazovaniye profil Fizkulturnoye obrazovaniye. – 2015 g. [in Russia].

[7] Ömer Jem Karajaoğlu. Avrupa Birliği uyum sürecinde öğretmen yeterlilikleri. Doktora tezi. – Ankara, Haziran – 2008. [in Turkish].

[8] Ballı A. Sosyal Bilimlerde Araştırma. – Ankara: PegemA İainjılık. – 2007. [in Turkish].

[9] Gökalp M. Türk Eğitim Sisteminin Kalkınma Planları Doğrultusunda İhtiyaç Duiduğu İnsan Gücü Niteliklerinin Belirlenmesi ve Buna Uygun Öğretmen İletştirilmesi. İaimlanmamış doktora tezi, Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, – Erzurum. – 2003. [in Turkish].

[10] Haran S. ve Aydın O. “Depresion, Umutsuzluk, Sosyal Beğenirlik ve Kendini Kurgulama Düzeyinin İntihar Fikirleri ile İlişkisi”. *Kriz Dergisi*. 3 (1-2) 218-222. Web: <http://ajikarsiv.ankara.edu.tr/fulltekst/1110.pdf> adresinden 26 Haziran 2008 tarihinde erişilmiştir [in Turkish].

[11] Gözütok F. D., Akgün Ö. E. ve Karacaoğlu Ö. C. “İlköğretim Programlarının Öğretmen İeterlilikleri Açısından Değerlendirilmesi”. *İeniİlköğretim Programlarını Değerlendirme Sempozyumu (Kaiserı)*. 17-40. – 2008. – Ankara: Sim Matbaası [in Turkish].

The importance of training future physical education teachers in the Republic of Turkey

B. Yermakhanov¹, E. Zorba¹, O. Akman¹

¹Gazi University, (Ankara, Turkey)

Abstract

This study was carried out to determine the relevant skills and qualifications of future physical education teachers in the education system of the Turkish Republic. To determine the qualifications and professional training of future teachers of the specialty «Physical Education and Sports», which form the basis of the article, a study was conducted «Teacher’s Abilities» (Karacaoğlu, 2008). The study involved respondents from different cities with different income and social status. These are Ankara, the capital of Turkey, Istanbul, the largest city in the world, Bayburt and Denizli with a medium economy, and Gumushane, a low-income city with a total of 408 graduates in Physical Education and

Sports. The scientific article presents the results of a survey of students participating in the research. The collected data were analyzed in SPSS software, tabulated and analyzed.

Keywords: Republic of Turkey, education, higher education, physical Education, mass sports, healthy lifestyle, future teacher of physical culture.

Важность подготовки будущих учителей физической культуры в Республике Турция

Б. Ермаханов¹, Е.Зорба¹, О. Акман¹

¹Университет Гази (Анкара, Турция)

Аннотация

Это исследование было проведено с целью определения соответствующих навыков и квалификации будущего учителя физической культуры в системе образования Турецкой Республики. Для определения квалификации и профессиональной подготовки будущего учителя физической культуры, которые легли в основу статьи, было проведено исследование «Способности учителя» (Караджаоглу, 2008). В исследовании приняли участие респонденты из разных городов с разным доходом и социальным статусом. Это Анкара, столица Турции, Стамбул, крупнейший город в мире, Байбурт и Денизли со средней экономикой, и Гюмюшхане, город с низким доходом, в котором в общей сложности 408 выпускников по специальности «Физическое воспитание и спорт». В научной статье представлены результаты анкетирования студентов, участвующих в исследовании. Собранные данные были проанализированы в программе SPSS, занесены в виде таблиц и проанализированы.

Ключевые слова: Турецкая Республика, образование, высшее образование, физическая культура, здоровый образ жизни, будущий учитель физической культуры.

Редакцияга 01.07.2021 қабылданды.

ГРНТИ 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/2021-3.2077-6861.19>

С.А.ШАБАНОВА

*Азербайджанский государственный педагогический университет
(Баку, Азербайджан) sevinc65@mail.ru*

КАК ПРЕДСТАВИТЬ АЛГОРИТМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИКТ?

Аннотация

В данной статье обоснована необходимость углубленного изучения темы «Алгоритмы», так как это требует от нас неиссякаемая материальная и духовная потребность общества. Разъясняется этимологическое значение термина «алгоритм». Ряд ученых по-разному интерпретируют этот термин. При этом автор статьи, в отличие от всех исследователей, разделил свой подход и обосновал его конкретными примерами. Было отмечено, что человеческая жизнь состоит полностью из автоматизированных алгоритмов. В связи с этим была сделана ссылка на ученых-исследователей. В статье представлена информация о презентационных моделях алгоритмов. Также было отмечено, что подходы в этом отношении неоднозначны. Основное внимание уделяется ключевым моделям. Наконец, были использованы практические примеры для представления алгоритмов. Для этого была сделана ссылка на примеры в учебнике информатики, предназначенном для азербайджанских школ. По окончании практической работы, согласно презентационным моделям алгоритмов,